Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегіноқытатын білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі __сағатты құрайды.

Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Қажет болған жағдайда баланың жағдайын есепке ала отырып сабақтар үзілуі мүмкін.

Жеке оқу жұмыс жоспарын орындауда ата-ананың (немесе заңды өкілдердің) және дәрігердің келісімімен мектептегі кейбір сабақтарға тікелей және онлайн қатысуға рұқсат етіледі.

Әлеуметтік бейімдеу және қоғамға кіріктіру, балалар ұжымында өзін жайлы сезіну, әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында мектептің іс-шараларына және қосымша білім беруге қатысуы қарастырылады.

2023-2024 оқу жылына үйден оқитын оқушы 9 В сынып оқушысы Сембай Еркебұланға таңдап алған типтік жұмыс жоспары

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығы өзгерістермен

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж №365; 30.09.2022ж №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж №399 бұйрығы 21.11.2022ж №467, 05.07.2023ж №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023ж №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен); .

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты қолданылды. (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама)

Білім алушыларды үйде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылады. Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз болып табылады. Үйде оқыту мерзімі баланың сырқатына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында көрсетілді. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 1-11 сыныптарға арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарлары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (53-60- Қосымшалар; толықтыру ҚР Білім және ғылым министрінің 26.01.2022 №25 бұйрығымен енгізілген).

Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға білім беретін ұйымдардағы білім көлемі мен инвариантты компоненттегі оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып

тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарларымен (бұдан әрі - ҮОЖ) және «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген бағдарламаларымен белгіленеді. Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарын ескере отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктерін ескереді.

5-9-сыныптарға: ҚР ОАМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы 11-тарау 9-қосымша 11 тарау.

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру

МІБ туралы ереже оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы педагогикалық

кеңеспен бекітіледі.

Мақсаты:

- Ø Білім беру ұйымы қызметін жетілдіру.
- Ø Мұғалімдердің шеберлігін арттыру.
- Ø Мектепте білім беру сапасын жақсарту.

Міндеттері:

- Ø білім беру саласындағы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- Ø заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді бұзу және орындамау жағдайларын айқындау, олардың алдын кесу шараларын қолдану;
- Ø бұзулардың негізін құрайтын себептерді талдау, олардың алдын ала бойынша шара қабылдау;
- Ø педагог қызметкерлердің қызмет нәтижелерін талдау және эксперттік бағалау; педагогикалық қызмет нәтижелерін зерттеу, білім беру ұйымындағы жағымды және оң өзгерістерді айқындау және осының негізінде педагогикалық тәжірибені тарату және кері тенденцияларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Ø мектеп бойынша бұйрықтарды және өкімдерді жүзеге асыру нәтижелерін талдау;
- Ø бақылау үдерісінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.

2-11 сыныптарда МІБ жоспары бойынша жыл сайынғы сыныптық жалпылау бақылауы жүргізіледі, мектеп әкімшілігі сабаққа мектепшілік бақылау жоспары бойынша және директордың бекіткен кестесіне сай сабақтарға қатысады. 1-сынып оқушыларының бейімделуі, жай-күйі тексеріледі. Қатысқан сабақтарға талдау, мұғалімнің өзіндік талдауы жүргізіледі, ұсыныстар мен кеңестер беріледі.

Әр сыныптың жағдайы мен оның өзгеру тенденциясын анықтай отырып, сынып ұжымын дамытудың резервтерін анықтайтын психологиялық-педагогикалық консилиум жұмыс жасайды. 1,5—сыныптарда сыныптық жалпылау бақылау негізінде өткізілетін психологиялық-педагогикалық консилиумға осы сыныптарда жұмыс істейтін барлық мамандар қатысады.

Жыл сайын мектеп құжаттамасын тексеру бойынша тексеріс жүргізіледі. Тексеріс барасында барлық пәндер бойынша дәптер жүргізіледі, дәптердің сырты талапқа сай толтырылған, үй жұмысының нормасы бақыланады. Сыныптарда дәптерге корректор қолданатын оқушылар бар, жазуда шимайлайтын, бірнеше рет түзейтін оқу жұмыстары кездесті. Пән мұғалімдеріне ескертілді.

Мектепшілік бақылау жоспарына сай журнал тексеріледі. Журнал тексеру әр ай сайын жүргізіліп, талдамасы жазылады. Тексеру кезінде журналдың талапқа сай толтырылатыны, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің құжаттар толтыру талабына сай жүргізетіні анықталды.

Мектепшілік бақылауда пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, мемлекеттік стандарттың, оқу бағдарламасының оқытылуы үнемі бақыланып отырады. «Kundelik.kz» бойынша қажетті анықтамалар жазылып, сапалы толтырылуы тексеріледі.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың білімін оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау. Бағаланатын кезеңде оқу бағдарламалары бойынша сыныптарда жиынтық бағалауды өткізу кестелері, оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, электрондық сынып журналдарда оқу пәндері бойынша оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдер/тақырыптар, тоқсан үшін жиынтық бағалаудың балдары қойылған. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізілген және оқушылардың тоқсандық және жылды қорытындылары шығарылған.

Қызметкерлер мен педагогтердің лауазымдық міндеттері құрылған, таныстырылған.

Ұжымдық келісімшарт жасалған.

Ұжымдық келісімшарт әкімшілік пен кәсіподақ арасында жасалған. Келесі бөлімдерден тұрады: жалпы ережелер, мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі, мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары, мемлекеттік мекемені басқару, мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі, мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі, мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары.

Соңғы 3 жыл бойынша үлгерім мен білім сапасы

сыныптар/ оқу жылы/ сапасы %	1-4	5-9	10-11	Мектеп бойынша
2021-2022	72,8	39,1	53	52,16
2022-2023	59,8	29,7	71,4	54,74
2023-2024	65,5	59,7	69	62.90

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Қазақстан Республикасының мектепалды даярлық сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі Әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленді. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер (2 қосымша бойынша)

2023-2024 оқу жылы:

https://docs.google.com/spreadsheets/d/12rBEGiAuNJRAIPmynlTDioymdZ3P_Wjv/edit?usp=sharing&oid=104605626818140348557&rtpof=true&sd=true

<https://drive.google.com/file/d/1rrgv4ByFGmb6tn08v-JvcIsOMfYK6s6T/view?usp=sharing>

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (3 қосымша бойынша)

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1qEekLWEZTCQtctZD57nP38QLGhcJq7u3/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы:

https://drive.google.com/file/d/1wkfCeTbHol_jK7hRmzAt8aGkVjNhLwwV/view?usp=sharing

2023-2024 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1Yax-uctzI2Dib5UmdxMyty3GVxk-HMnx/view?usp=sharing>

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы мектепалды даярлық сыныптарының құжаттары

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/drive/folders/1MgCf5SHzyYA0hsiJDon7Xt2UAOKKH0Ty>

2022-2023 оқу жылы:

https://drive.google.com/drive/folders/1A5x43gjx0sLU26yCu1QUmqRl_Ezac9xX

2023-2024 оқу жылы:

https://drive.google.com/drive/folders/1DfFBARjMVN11xZS1uy07lxWCiT8w_mwS

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер (4 қосымша бойынша)

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1qEekLWEZTCQtctZD57nP38QLGhcJq7u3/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы:

https://drive.google.com/file/d/1wkfCeTbHol_jK7hRmzAt8aGkVjNhLwwV/view?usp=sharing

2023-2024 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1Yax-uctzI2Dib5UmdxMyty3GVxk-HMnx/view?usp=sharing>

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер (5 қосымша бойынша)

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1qEekLWEZTCQtctZD57nP38QLGhcJq7u3/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы:

https://drive.google.com/file/d/1wkfCeTbHol_jK7hRmzAt8aGkVjNhLwwV/view?usp=sharing

2023-2024 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1Yax-uctzI2Dib5UmdxMyty3GVxk-HMnx/view?usp=sharing>

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сабақ кестесін құру талаптарына сай жасалған сабақ кестесі бар. Сондай -ақ сабақ кестесі «Kundelik.kz» жүйесіне салынған.

2021-2022 оқу жылы:

https://docs.google.com/document/d/1IRPvKVqFKQpVnQ4kW_pUTS87V2hFOHCs/edit?usp=sharing&oid=103572070142058061156&rtpof=true&sd=true

2022-2023 оқу жылы:

<https://docs.google.com/document/d/1c3vEbbezHee6DHuH2sCwYXgF-ipOyt7i/edit?usp=sharing&oid=103572070142058061156&rtpof=true&sd=true>

2023-2024 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1eDWARVBILPNRmouphZhriFabfR71GsJi/view?usp=sharing>

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы үлгілік оқу жоспары

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1qEekLWEZTCQtctZD57nP38QLGhcJq7u3/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы:

https://drive.google.com/file/d/1wkfCeTbHol_jK7hRmzAt8aGkVjNhLwwV/view?usp=sharing

2023-2024 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1Yax-uctzI2Dib5UmdxMyty3GVxk-HMnx/view?usp=sharing>

Қорытынды аттестаттау

Жыл бойы 9,11-сыныптарды қорытынды аттестаттауға дайындау жоспар бойынша

жүргізілді. 9,11-сынып оқушылары қорытынды аттесттаудың ережелерімен таныстырылды. Ата-аналармен сыныптық жиналыстар өткізілді. Мектеп бітірушілермен мәселелер бойынша мектеп психологы, сынып жетекшілер жұмыс жасады. Оқушыларды қортынды аттесттауға дайындық жұмыстары мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып отырды.

2023-2024 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008ж 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білімалушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі» негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білімберу стандартына талаптарына сәйкес, «Білім туралы» ҚР Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығы және Баянауыл ауданының білім беру бөлімінің 2023 жылғы 7 қазандағы №479-н «Баянауыл ауданының орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» бұйрығы, Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімі «М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ –нің «9-сыныптардың оқушылары үшін мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 2023 жылғы 4 қазандағы №146/н бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын /14.07.2023ж №208 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулар/ негізінде 50.2 пунктіне сәйкес басшылыққа ала отырып 9 «В» сынып оқушысы Сембай Е «Қорытынды аттестаттаудан» мектепшілік 2024ж 13 мамырдағы №82/1 –н бұйрығы негізінде босатылды.

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімі «М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ –нің «11-сыныптардың оқушылары үшін

мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 2023 жылғы 4 қазандағы №146/5н бұйрығы негізінде жүзеге асырылды.

2021-2022 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1QGZxNZq0qTSPkPeBkklPeGUiV7fCZMZ/view?usp=sharing>

2022-2023 оқу жылы

<https://drive.google.com/file/d/1-CfHzQ6pw9Afmn66piuqSNudFq1UwBEb/view?usp=sharing>

2023-2024 оқу жылы:

<https://drive.google.com/file/d/1fa2We8KPvHaD88AHFMQiQduL8QuqxzCp/view?usp=sharing>

Жалпы орта білім туралы аттестат және «Алтын белгі» белгісін алған бітірушілер саны

Бітірген жылы	Барлық түлектер саны	Жалпы орта білім туралы аттестат алған «Алтын белгі» және «Алтын белгі» белгісін алған түлектердің саны	Жалпы орта білім туралы аттестат алған «Алтын белгі» және «Алтын белгі» белгісін алған түлектердің үлесі
2021-2022	34	1 / 1 грант	2,9
2022-2023	31	0	0
2023-2024	51	1/1грант	1,9

Негізгі орта білім

Жыл аяғына 9-сынып оқушылар саны	Оның ішінде		Еңбекке орналасуы	
	Үздік аттестат алған	Мектепті «4» пен «5» бітірген	Колледжге түскендер	10 сыныпқа оқуға қалғандар
2020-2021	2020-2021	2020-2021	2021-2022	2021-2022
56	0	26	19	37

Жыл аяғына 9-сынып оқушылар саны	Оның ішінде		Еңбекке орналасуы	
	Үздік аттестат алған	Мектепті «4» пен «5» бітірген	Колледжге түскендер	10 сыныпқа оқуға қалғандар
2021-2022	2021-2022	2021-2022	2022-2023	2022-2023
75	2	38	24	51

Жыл аяғына 9-сынып оқушылар саны	Оның ішінде		Еңбекке орналасуы	
	Үздік аттестат алған	Мектепті «4» пен «5» бітірген	Колледжге түскендер	10 сыныпқа оқуға қалғандар
2022-2023	2022-2023	2022-2023	2022-2023	2023-2024
72	2	39	23	49

2021-2022 оқу жылында негізгі орта мектепті 75 оқушы аяқтады. Оның 24-і колледжге оқуға түсті. 9 «А» сынып оқушысы Қайырбек Ақнұр Көкшетау қаласындағы “IQANAT High School of Bugabay” мектебіне түсті, ал 9 «Б» сынып оқушысы Еркінбек Мерей жанұялық жағдайға байланысты қоныс аударып, Зайсан ауданы Сарытерек орта мектебіне орналасты. 2022-2023 оқу жылында М.Әуезов жалпы орта білім беру мектебінің 10 сыныбына 49 оқушы қабылданды.

2022-2023 оқу жылында негізгі орта мектепті 72 оқушы аяқтады. Оның 23-і колледжге оқуға түсті. 9 «Ә» сынып оқушылары Хамит Мадина мен Төлегенова Жансая 9 сыныпты «Үздік

аттестатқа» аяқтады. 2023-2024 оқу жылында М.Әуезов жалпы орта білім беру мектебінің 10 сыныбына 49 оқушы қабылданды.

2023-2024 оқу жылында негізгі орта мектепті 84 оқушы аяқтады. 9 «А» сынып оқушысы Ерікбол Аяулым «Үздік аттестат» иегері.

Жалпы орта білім

Оқушылар саны	Оның ішінде		Еңбекке орналасуы		
	«Алтын белгі»	Қызыл аттестат	ЖОО	Колледж	Жұмыс, әскер
2020-2021			2021-2022		
51	1	1	41	9	1
2021-2022			2022-2023		
31	1	1	25	5	1
2022-2023			2023-2024		
34	0	2	23	10	1

2021-2022 оқу жылында М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебін 31 оқушы аяқтады. Бакиева Сымбат «Алтын белгі», Али Мадина «Үздік аттестат» - пен бітірді.

ЖОО-на 25 оқушы, оның 14-і грант, 11-і ақылы, колледжге 5 оқушы, 5-і де бюджеттік оқуға түсті. 1 оқушы жұмысқа орналасты.

2022-2023 оқу жылында М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебін 34 оқушы аяқтады. 11 «А» сынып оқушысы Төлеутай Асылбек Мұрзатайұлы және 11 «Ә» сынып оқушысы Аскербек Айзада «Қызыл аттестат» - пен бітірді.

11 «А» сыныбы бойынша барлығы 17 оқушының 12-і - ЖОО, (11-і грант), 1 ақылы, 4 колледж, (4-і грант), 1-і денсаулығына байланысты үйде.

11 «Ә» сыныбы бойынша барлығы 17 оқушының 11-і ЖОО, (11-ігрант), 6-колледж, (5-і грант), 1-ақылы. Барлығы 34 оқушы аяқтады, оның 23-і ЖОО (22-і грант, 1-і ақылы).

10-колледж (9-і грант, 1-ақылы) 1-денсаулығына байланысты үйде отыр.

2023-2024 оқу жылында 11 сыныпты 50 оқушы аяқтады. 11 «Ә» сынып оқушысы Қанат Аслан «Алтын белгі» және 11 «А» сынып оқушысы Ханат Айгерим «Қызыл аттестат» иегері.

11-сыныптар бойынша ҰБТ тапсыруды мақсат ететін оқушылар қалғандықтан, білімге деген ынталары да жақсы болады. Сондықтан бұл балалардың жақсы білім сапасын көрсетуі міндетті 2023-2024 оқу жылында ҰБТ кезінде де ең жоғары ұпай жинаған-123.

Жоғары оқу орнына түсетін талапкерлер саны да артып келеді. Мемлекеттік грант иегерлері жыл сайын арта түсуде. Бағалау ҰБТ нәтижелері арқылы анықталды. Үздік білім беру мекемелерін Қазақстан білім министрлігінің ақпараттық-талдау орталығының өкілдері таңдады. Биылғы жылы мектеп қабырғасын 51 түлек бітіріп, оның 30-ы жоғары оқу орындарында грант иегері атанды. Жыл сайын түлектері "Алтын белгі"иегерлері атанып жатады. Жұмыссыз қалған немесе жұмысқа орналаспай қалғандар да жоқ.

Облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздары (жүлдегерлері) болған тәрбиеленушілердің/оқушылардың саны

<https://drive.google.com/file/d/1m6MXHPgpbWF17oNnaAwD4tNOSf7jDwUr/view?usp=sharing>

2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының аудандық кезеңінде 16 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 705 - 2,2- % көрсетті.

2021-2022 оқу жылында ғылыми жобалар сайысының аудандық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 705 - 0,4% көрсетті.

2021-2022 оқу жылында ғылыми жобалар сайысының облыстық кезеңінде 1 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 705 - 0,1% көрсетті.

2021-2022 оқу жылында ғылыми жобалар сайысының республикалық кезеңінде 1 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 705 - 0,1% көрсетті.

2021-2022 оқу жылында ақын-жазушылардың мерейтойына арналған оқулардың аудандық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 705 0,4- % көрсетті.

2021-2022 оқу жылында дебат сайысының аудандық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 705 - 0,4 % көрсетті.

2021-2022 оқу жылында 4 оқушы Павлодар Педагогикалық университетінің 25, 50 % жеңілдік иегерлері атанып, жалпы оқушы санының 705 - 0,6% көрсетті.

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының аудандық кезеңінде 30 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 687 - 4,3% көрсетті

2022-2023 оқу жылында ғылыми жобалар сайысының аудандық кезеңінде 12 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 687 -1,7 % көрсетті.

2022-2023 оқу жылында ақын-жазушылардың мерейтойына арналған оқулардың, шығармашылық өнер сайыстарының аудандық кезеңінде 9 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 687 -1,3 % көрсетті.

2022-2023 оқу жылында ақын-жазушылардың мерейтойына арналған оқулардың, шығармашылық өнер сайыстарының облыстық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 687 – 0,4% көрсетті.

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының облыстық кезеңінде 1 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 687 -0,1 % көрсетті

2022-2023 оқу жылында Республикалық лингвистикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 687 – 0,4% көрсетті

2022-2023 оқу жылында 2 оқушы Торайғыров университетінің 30, 50 % жеңілдік иегерлері атанып, жалпы оқушы санының 687 - 0,3% көрсетті.

2022-2023 оқу жылында 1 оқушы Торайғыров университетінде грантқа сертификат ұтып алып, жалпы оқушы санының 687 - 0,1% көрсетті.

2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының аудандық кезеңінде 24 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 695 -3,4 % көрсетті.

2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 13 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 695 - 1,9% көрсетті.

2023-2024 оқу жылында ақын-жазушылардың мерейтойына арналған оқулардың, шығармашылық өнер сайыстарының, республикалық балалар оқуы байқауының аудандық кезеңінде 10 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 695 - 1,4% көрсетті.

2023-2024 оқу жылында ақын-жазушылардың мерейтойына арналған оқулардың, шығармашылық өнер сайыстарының, республикалық балалар оқулары байқауының облыстық кезеңінде 4 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 695 - 0,6% көрсетті.

2023-2024 оқу жылында 9-11 сынып оқушыларына арналған гуманитарлық олимпиадада, жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып, 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 695 -0,4 % көрсетті.

2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың республикалық кезеңінде 1 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 695 - 0,1% көрсетті.

2023-2024 оқу жылында ғылыми-практикалық конференциясының аудандық кезеңінде 3 оқушы жеңімпаз атанып, жалпы оқушы санының 695 -0,4 % көрсетті.

2023-2024 оқу жылында көрнекті қабілеттерін танытқан талантты ж/е дарынды балаларға “Тәуелсіздік ұланы” төсбелгісімен 1 оқушы марапатталып, жалпы оқушы санының 695 - 0,1% көрсетті.

SWOT талдау

Жағымды жақтары (Strength) күшті жақтары:	Жағымсыз жақтары (Weaknesses) әлсіз жақтары
<p>Республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға, Өңірлік зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға, Облыстық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға, Қалалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындар алуы;</p> <p>2021-2022 2 оқу жылында облыстық 4 сынып оқушылары арасындағы өткізілген пән олимпиадасында 2 дәрежелі диплом жүлдегері , IX облыстық математикалық турнирінде III дәрежелі диплом жүлдегері 4-сынып оқушысы Тілеубек Әзілхан.</p> <p>2021-2022 оқу жылында Облыстық 5-8 сынып оқушыларына арналған «Pro Eco» экологиялық конкурсының 1 орын жүлдегері, Республикалық 5-8 сынып оқушыларына арналған «Pro Eco» экологиялық конкурсының 2 орын жүлдегері 8-сынып оқушысы Хайролла Фатима</p> <p>2021-2022 оқу жылында Павлодар педагогикалық университетінің 25 % жеңілдік иегерлері 11-сынып оқушылары Сапаров Әділ, Жансағын Қымбат, Торайғыров университетінің 50 % жеңілдік иегері 11-сынып оқушысы Рахимтаева Ақбота</p> <p>2021-2022 оқу жылында Облыстық 6-сыныптар арасында өткізілген «математика –логика 2» аймақтық олимпиадасының 2 дәрежелі диплом жүлдегері Орал Маржан, 3 дәрежелі диплом жүлдегері Тойбазар Інжу.</p> <p>2022-2023 оқу жылында 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген облыстық гуманитарлық олимпиадада 9-сынып оқушысы Хайролла Фатима 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.</p> <p>2022-2023 оқу жылында Республикалық лингвистика олимпиадасының облыстық кезеңінде 10-сынып оқушысы Қанат Аслан 3 дәрежелі диплом, 11-сынып оқушысы Төлеутай Асылбек 3 дәрежелі диплом иегері атанды.</p> <p>2022-2023 оқу жылында Шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңінде - сынып оқушысы Хайролла Фатима, Макажанова Айша 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.</p> <p>2022-2023 оқу жылында Торайғыров университеті ұйымдастырған информатика пәні бойынша пәндік олимпиадада 11-сынып оқушысы Төлеутай Асылбек университет грантына сертификат ұтып алды. 11-сынып</p>	<p>Түрлі деңгейдегі интеллектуалдық конкурсынан; Республикалық лингвистикалық олимпиадасынан;</p> <p>Әссе байқауларынан республикалық кезеңде жүлделі орынның болмауы;</p> <p>Республикалық зерттеу жобалары конкурсына жобалардың аз берілуі және нәтиженің төмендігі;</p> <p>Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасына оқушылардың аз қатысуы;</p> <p>Пән мұғалімдерінің оқушылармен жүйелі дайындық жұмыстарын жүргізбеуі;</p> <p>Пән мұғалімдерінің арасында байланыстың аз болуы.</p>

<p>оқушылары Жақсылық Мөлдір, Хуандық Бейбіт Торайғыров университеті грантына 30, 50 % жеңілдік сертификатына ие болды.</p> <p>2022-2023 оқу жылында Облыстық Абай оқуларында "Көңілім әнді ұғады" бағыты бойынша 8-сынып оқушысы Тулеубекова Динара I орынды иеленді.</p> <p>2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші(облыстық) кезеңінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінен 9-сынып оқушысы Хайролла Фатима 3 орынға ие болды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында 9-11 сынып оқушыларына арналған IV облыстық гуманитарлық олимпиадасында 10- сынып оқушысы Хайролла Фатима 3 орынға ие болды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында 8-10- сынып оқушылар арасында «Республикалық балалар оқулары» облыстық байқауында 8- сынып оқушысы Мусабеков Береке 1 дәрежелі Дипломмен марапатталды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында көрнекті қабілеттерін танытқан талантты ж/е дарынды балаларға “Тәуелсіздік ұланы” төсбелгісімен 10-сынып оқушысы Хайролла Фатима марапатталды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында Облыстық “Мұзафар оқулары” білім-шығармашылық конкурсында 9 сынып оқушысы Төлебек Елдос 2 дәрежелі дипломмен марапатталды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші(облыстық) кезеңінде 13 оқушы жеңімпаз атанып, I,II,III дәрежелі Дипломмен марапатталды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында «Шәкен Айманов оқуларының» облыстық кезеңінде - сынып оқушысы Берікболұлы Нұртас 3 орынға ие болды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып, 7-8 оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде орыс тілі пәнінен 6-сынып оқушысы Дулат Алдияр, 8-сынып оқушысы Мусабеков Береке Қазақстан тарихы пәнінен 3-орынға ие болды.</p> <p>2023-2024 оқу жылында ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың республикалық кезеңінде 10-сынып оқушысы Жарғалбек Жансұлу құқық негіздері пәні бойынша III дәрежелі Дипломмен марапатталды.</p>	
<p>Мүмкіндіктері (Opportunities):</p> <p>Пән мұғалімдері, оқушылар, сынып жетекшілер арасында жүйелі жұмыстар жүргізу арқылы жоғары нәтиже көрсету; Оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін дұрыс анықтау; Барлық деңгейдегі байқауларға, жарыстарға, олимпиадаларға қатысу.</p>	<p>Қатерлі (Threats) тәуекел</p> <p>Оқушылардың білім сапасының; Пәндік олимпиаданың нәтижесінің; Оқушылардың қызығушылығының төмендеуі;</p>

	Зерттеу жобаларының талапқа сай жазылмауы; Ата-ана-мұғалім-оқушы арасындағы байланыстың өз деңгейінде болмауы.
--	---

Тәрбие жұмысы
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ОҚУ-ТӘРБИЕ
ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ.

Мектептің тақырыбы: «Күзиреттілі білім беру арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту»

Мектептің мақсаты :

Оқушыларға мемлекеттік кепілді сапалы және қолжетімді білім алуды қамтамасыз ету, функционалды сауаттылығын дамыту, әлеуметтік белсенді, шығармашыл, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру.

1. КІРІСПЕ.

Талдау мақсаты – мектептің білім беру жүйесі жағдайының талдауын жасау, оның дамуының ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау, білім беру жүйесінің әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудағы үлесін бағалау үшін негізгі сипаттамасын көрсету. Бұл міндеттерді орындау үшін білім беру жүйесінің дамуының жағдайы мен дамуына әсер етуші факторлар туралы аналитикалық талдауға тоқталу қажет.

II. Білім беру туралы мемлекеттік нормативті құжаттарды орындауға бағытталған қызметті ұйымдастыру

- **ЖАЛПЫ ОҚУ БОЙЫНША**
- **ЖАЛПЫ ОҚУ БОЙЫНША**

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша Жалпы оқу Заңын орындау өз жоспарына сәйкес орындалды.

Мектепте жалпы 724 оқушы білім алуда 1-4 сыныпта 305 бала, 5-9 сыныпта 337 бала, 10-11 сыныпта 70 бала оқыды. I ауысымда 19 сынып, II ауысымда 18 сынып оқыды.

Мақсаты: Мектепте «Жалпы оқу» ұйымдастырылуын, мектеп жасындағы кент балаларының оқумен қамтылуын бақылау.

«Білім туралы» Заңының (8 бап, 2 тармақ) «6 жастан бастап 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің мектепке толық қатысуын қамтамасыз етуі» бөлігінде ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпанындағы №255 және №738 қаулысын жүзеге асыру мақсатында республика көлемінде 2015 жылдың 9 қаңтарына дейін Жаппай оқумен қамту бойынша айлық өткізілді. Мөлтек аудандар араланып, қорытындысы шығарылды. Соңғы айлық барысында жүргізілген жұмыстар қорытындыланып, мектептің әлеуметтік картасы анықталды:

1.1. Мектептің әлеуметтік жағдайы:

Аз қамсызданған отбасы-79 , онда -146 бала мектеп жасындағы балалар;

Көп балалы отбасы – 97, онда-201 бала мектеп жасында;

Толық емес отбасы – 76, әкесіз – 69, анасыз – 7;

Жетім бала - 2;

2022-2023 оқу жылына жалпы оқу қорынан:

Жалпы сомасы	Ыстық тамаққа бөлінген қаражат	Жазғы демалысқа бөлінген қаражат
6068000	5618000	450000

Аз қамсызданған және көпбалалы отбасының балаларына арналған мектеп жанындағы сауықтыру алаңының өткізілуі

Айы	Күн	Сауықтыру алаңындағы ыстық тамақпен қамтылған балалар саны	ыстық бағасы	Жалпы сомасы
маусым	14	210	245	71170000

Аз қамсызданған және көпбалалы отбасының балаларына арналған қала сыртындағы сауықтыру алаңының өткізілуі

Айы	Күн	Сауықтыру алаңындағы ыстық тамақпен қамтылған балалар саны	ыстық бағасы	Жалпы сомасы
маусым	12	14	1150	193200

Аз қамсызданған отбасының балаларын киіммен қамтамасыз ету.

Атауы	саны	Бағасы	сомасы
Аяқ киім	10	4800	48000

Спорт киімі	10	5500	55000
Оқу құралдары	47	3321	156100
Мектеп формасымен барлығы	23	9700	223100
	90	26230	482200

Мектептің атауы	0-18 жас аралығындағы барлық бала саны	Соның ішінде		
		Мектепке дейінгі	Мектеп жасында	Жастар (колледж, ПТШ, лицей)
М.Әуезов атындағы ЖОББМ	1200	360	600	25

Жалпы оқу қорынан мектептің аз қамсызданған, жартылай жетім, көп балалы отбасы баларынан 336 бала тегін ыстық тамақпен қамтылып, қамқорлық көмекпен 2 бала, 0 бала арендатор көмегімен тамақтанды. Былтырғы оқу жылымен салыстарғанда ыстық тамақпен қамтуда 20 балаға өсіп отыр. Үйден оқытуға жататын балалар саны – 3; ол 11 «ә» сынып оқушысы Қалихан Омар (ДЦП), 6 «б» Қабдолла Әлім (неврологический), 3 «а» Сейтғалийұлы Нұртлеу,

Туб виражды 1 оқушыға мектеп медбикесі Қуанбаева Ш.Қ. емдеу-терапиясын өз бақылауын алып, олардың күнделікті дәрісі мен дәруменін беруді өз бақылауына алып келді. Тегін тамақтануды ұйымдастыруда ас мәзірі аудандық санитарлы- эпидемиялогиялық орталықпен бекітілген. Тамақтың каллориялық мөлшері нормаға сай. Асхана барлық қажетті құрал- жабдықтармен толық жабдықталған.

2022 жылдың 1.07-30 қыркүйек аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен «Балаларға мейірім сыйла» республикалық акция шеңберінде «Қамқоршы күні» атап өтілді. 20 аз қамсызданған отбасы балаларына 401500т көлемінде спонсорлық материалдық көмек көрсетілді. Әлеуметтік қорғауды қажет ететін оқушылар тізімі сынып жетекшілер арқылы қайта тексерілді. Бұл жұмыс барысында сынып жетекшілер аз қамтамасыз етілген оқушылардың кеткен – келгенін анықтап, жағдайларын анықтау мақсатында үй аралап, зерттеу актілерін толтырды. Байқалған жағдайларына байланысты ата – аналарының өтініштерін жинады, ата – аналар комитетімен бірігіп, бір мезгіл тамақтануға және кеңсе тауарларға сұраныс жасады. Бұл жұмыс барысында сынып жетекшілер бөлмесінде ілінген оқушының жағдайын зерттеуде керекті құжаттар тізімінің үлгісін басшылыққа алды және баланың денсаулығына, тән саулығына әсерін тигізетін әлеуметтік жағдайлар: ол отбасының толық немесе толық болмауы, жанұядағы адам санына бөлінетін ата – анасының алатын еңбек көлемі, ата-ананың жұмыс істеу не болмаса жұмыссыз болуы, отбасының берекелі не болмаса берекесіз болуы, тұратын баспана жағдайы, баланың жеке өз басының денсаулық ерекшелігі, егер ол мүгедек бала болса, соған байланысты қаражаттың жұмсалуды. Осы айтып кеткен жұмыс көлемінің бәрі бүгінгі күні мектептің сынып жетекшілерінің атқарған жұмыстары болып отыр.

Жасөспірімдердің колледж және кәсіптік мектептердегі, лицейлердегі контингентінің сақталуы тексеріліп, қамтылмай қалған жасөспірімдердің жоқ екені анықталды.

Ондағы барлық оқушылардың анықтамалары алынды.

Мектеп жасындағы балалардың жалпы орта білім беру мектебінде оқумен қамтылған. 6-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің оқумен қамтылғанын есепке алу мақсатында аулалық тексерістер жүргізілді. 0-18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің электрондық базасы жасалды.

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған балалар саны	Оның ішінде					
	Аз қамсызданған	Көп балалы	Толық емес отбасының балалары	Жетім	Туб қатынас	мүгедек
219	79 отбасы, 146 бала	97отбасы, 201 бала	91	2	4	8

Айлық барысында 28 рейд оқушылардың түнгі жүрістерін шектеу мақсатында жүргізілсе, жасөспірімдердің зиянды заттарды қолданудың алдын алу мақсатында қоғамдық орындарға күндізгі 26 рейд жасалды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және оқушылардың құқықтық білімін арттыру мақсатында мектебіміздің әлеуметтік педагогымен бірлесе жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

«Құқықтық тәрбие» атты - 21 кездесу өтті.

Учаскелік инспектормен – 9 кездесу

Кезекті ҚДН отырысы – 4

Қауіпті топ тізімінде тұрған оқушылардың ата – аналарымен кездесу - 2

Қыркүйек айында жалпы мектепшілік ата-аналар конференциясы өткізілді, ата-аналар комитеті жыл бойы мектебімізде түрлі өтіп жатқан іс – шараларға белсене ат салысты. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған түнгі кезекшілікке үнемі қатысып отырды.

Жалпы оқу айлығы барысында:

1. Негізгі мектепті бітіруші оқушылардың оқумен қамтылғаны толық анықталды.
2. «Қамқорлық» акциясы аясында 19 балаға материалдық көмек көрсетілді.
3. Оқушылардың тасымалын ұйымдастыру уақытында жүргізіліп тұрды.
4. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру жалпы оқу қорынан 336 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған.
5. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы үнемі бақылауда.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы

Мектепте жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылардың түнгі уақытын қадағалауы үшін мұғалімдер ұжымынан және ата-аналар комитетінен құралған кезекшіліктер өткізілді. Кезекшіліктің мақсаты, оқушылардың түнгі бос уақыттарын қадағалау, құқық бұзушылықтың алдын алу.

Мектепшілік қауіпті топ тізімінде тұрған 2-оқушы олар Серік Айдана, Жапар Расул оқушылар тікелей мектепшілік бақылауда тұр, яғни оқушылардың отбасылыры зерттеледі, сабаққа қатысуы бақыланады, бос уақыттары ұйымдастырылды. Оқушыларға жеке картотека ашылып, сол бойынша мектептің әлеуметтік педагогы және сынып жетекшілері жұмыс атқарады. Аталған оқушылар бос уақыттарында Майқайың кентіндегі спорт мектебінде вoleyбол үйірмесіне қатысады.

Серік Айдана дүйсенбі,бейсенбі күндері мектепшілік вoleyбол секциясына қатысады, тәлімгері дене шынықтыру мұғалімі Сатыбалды Айбол.Жапар Расул мектепшілік баскетбол үйірмесіне қатысады , тәлімгері дене шынықтыру мұғалімі Қайролла Баянбек.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде 9-11 сыныптар арасында қыркүйек айында «Құқықты біз қалай түсінеміз?», қазан айында «Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет», қараша айында «Діни экстремизм», желтоқсан айында «Өмірдің мәні», қаңтар айында «Ата Заң», ақпан айында «Қоғамдық нолдік төзімділік», наурыз айында «Жасөспірімдерді қылмысқы итермелейтін не ?», сәуір айында «Бопсалаушылық» , мамыр айында «Дөңгелек үстел» -атты кездесулер өтті. Кездесулерді өткізгендер, тәрбие ісінің менгерушілері, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, психолог, жасөспірімдер ісінің инспекторы.

29.08.22 жылы мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылының құрамын анықтап бекіту.

28.10.2022 оқу жылы мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде бірінші тоқсан қорытындысы бойынша қауіпті топ тізіміндегі оқушылар мен ата-аналармен онлайн кездесу.

9.11. 2022 оқу жылы мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде мектеп ережесі, ұялы телефондарды қолданбау.

25.12.2022 оқу жылы мектепшілік құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің комиссиясының отырысы өтті, күн тәртібінде екінші тоқсан бойынша қауіпті топ тізімінде тұрған оқушылар мен ата-аналармен кездесу, оқушылар арасында демалыс күндері құқық бұзушылық болдырмау.

Ақпан айында сабақты себепсіз босатқаны үшін (екі күн) 8-сынып оқушысы Қорабаев Асланның ата-анасы Қорабаева Гульбаршын мектепшілік ҚДН-комиссиясында қаралды, ата-анаға ескерту беріліп, сынып жетекшісі және әлеуметтік педагогқа отбасын бақылауға алу шешімін шығарды.

Наурыз айында «Қауіпті топ » есебінде тұрған оқушылардың ата-аналары мектепшілік құқық бұзушылық кеңесінің алдына шақырылып, балаларының тәртібі туралы қорытынды шығарылады.

II. 2022-2023 оқу жылында оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыру жұмысының талдауы.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасы бойынша 9 ай бойы мектебімізде салауатты өмір салтын жаппай насихаттау, үгіттеу, қалыптастыру мақсатында әр түрлі шаралар ұйымдастырылып өз мезетінде өткізілді .

2022-2023 оқу жылының қазан айында өткізілген «Дұрыс тамақтану,күн тәртібін дұрыс жоспарлау» іс-шаралары бойынша онкүндік өтті. Айлық барысында оқушыларға СӨС-на байланысты іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ «Дені сау ұрпақ -жарқын болашақ », «Өзгенің қатесі –өзіңе сабақ» атты ай бойы 5-6 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді. «Жыныстық тәрбие берудің кейбір тиімді

жолдары» атты қыздар кент дәрігерімен жиналысы өткізілді. Оқушылар ай бойы туберкулез туралы ақпарат жинады.

2022-2023 оқу жылының қараша айында «Дұрыс тамақтану» және «Чистые руки» айлығы өтті. Айлық барысында темекі шегу, алкоголь, нашақорлық айлығының профилактикасын медбике, сынып жетекшілердің қатысуымен өткізілді. Оқушылармен «Дәрумендер», «Зиянды заттардың адам ағзасына әсері» атты тақырыпта дәргерлермен кездесу өтті. Ай бойы мектебімізде «Туберкулездың алдын алу» атты тақырыпта сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді. Мұнда өкпе туберкулезі туралы және одан сақтанудың жолдары туралы кеңестер берілді. Мектеп медбикесінің ұйымдастыруымен лекция сабағы ұйымдастырылды. Ата-аналар арасында құрт ауруының алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында «Сақтан, құрт ауруынан!» атты лекция оқылды.

2022-2023 оқу жылының желтоқсан айында өткізілген ЖҚТБ-ға қарсы күрес айлығы өтті. Айлық барысында оқушыларға СӨС-на байланысты іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ «Біз СПИД-ке қарсымыз» атты (5-11 сынып) зумм платформасы арқылы дебат әңгіме жүргізілді.

2022-2023 оқу жылының қаңтар айында өткізілген «Каровирустан қалай сақтану» айлығы өтті. Айлық барысында өзім «Тұмау дертінен айығудың бір жолы» атты баяндама оқыдым. Онда 250 оқушы қатысты. Ай бойы «Дені сау ұрпақ- жарқын болашақ» атты тақырыпта сынып жетекшілер тәрбие сағатын өткізді. 10 «Ә» Сынып жетекшісі Бедебаева А.С. «Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» атты тәрбие сағатын өткізді. 5 «а» сынып жетекшісі Омарова Б.М сыныптарға «Тұмаудан қалай қорғануға болады» атты тақырыпта түсіндірмелі жұмыс жүргізді. Үй жағдайында тұмауға қарсы қандай ем қолдануға болады» атты тақырыпта 9 «Ә» сынып жетекшісі Әбдрахман Малика тәрбие сағатын өткізді.

2022-2023 оқу жылының ақпан айында өткізілген «Салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау» іс-шаралар өткізілді. Кентіміздің учаскелік емханасының дәрігері Кушенова Г.М. мектебіміздің психологы Акимжанова А.К, мектептің медбикесі Қуанбаева Ш.Е. ДТЖО А.К Каукенова қатысқан ауқымды кездесу өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – қыз баланың ерте жастан жыныстық қатынасқа түсуінің зияны мен қасіреттері туралы, ерте жүктіліктің алдын алу туралы кеңес береді. Кушенова Г.М. кездесетін жұқпалы жыныстық аурулардың түрлерімен, оның жұғу жолдары туралы тоқталды. Оқушылар өздерін түсінікті түрде жауап берді. Жалпы жұқпалы аурулармен ауырмау үшін жеке бас гигиенасын қатаң түрде сақтау керек деп кеңес берді. Мектеп психологы Акимжанова А.К қыздар арасындағы дөрекілік, жеңілтектік мінездерді ұл балаларға көрсетпеу керек, себебі ұлдар арасында өзіңді сыйлаудан қалдырасың. Қыздар бір-бірімен әдепті, инабатты қарым – қатынаста болуы тиіс. Жалпы қазақ қыздарына тән мінезді болуға шақырды.

Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде қажетіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз. Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Енді оларға не жататынына тоқтала кетейік: Олар – темекі тарту, спирттік ішімдіктерге, есірткілік заттарға салыну. Арақтың орнына қымыз бен қымыран іш, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүр. Жастарға есірткіні пайдаланба, көңіл көтеретін мәдени көпшілік орындарына баруды әдетке айналдыр дер едім. Еңбек адамды тәрбиелейді. Сондықтан жұмыс істеуден қашпаған жөн.

